

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ 15 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «АТАМЕКЕН» ҰҚП РЕЙТИНГІСІНДЕ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДАН КӨРІНДІ

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бірігіп, жылдағы дәстүр бойынша еліміздің ЖОО білім беру бағдарламаларына тәуелсіз бағалау өткізіп, нәтижесін жариялады.

2023 жылғы «Атамекен» ҰҚП рейтингінің нәтижелері бойынша оқу орнымыздың 44 ББ-ның 15-і республика бойынша ТОП-10 қатарына енді. Оның ішінде, университеттің 3 ББ-сы рейтингте ТОП-3 тізімінде тұр. Олар:

- «Бастапқы әскери дайындық»
- «Педагогика және психология»
- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі».

Сондай-ақ, үздіктер қатарында келесі ББ-лары бар: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие», «Дене тәрбиесі және спорт», «Музыкалық білім беру», «Химия», «Химия-Биология», «Тарих», «Шетел филологиясы (Түрік тілі)», «Журналистика», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Құқықтану»,

«Математика (жаратылыстану)», «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету».

Өткен жылғы рейтингпен салыстырғанда көрсеткіштер едәуір жақсарғаны байқалады. 2022 жылы ТОП-10 қатарына

тек 6 ББ-сы енген еді, оның 2-еуі үздік үштіктен көрінді.

Айта кетейік, білім беру бағдарламалары рейтингін есептеу кезінде ірі үш көрсеткіш ескеріледі:

1. Түлектердің мансаптық перспективасы бағасы
2. ББ сараптамалық бағалау бойынша бағасы
3. Студенттердің жалпы статистикасы мен жетістіктері бағасы.

Барлық әріптестерге «Атамекен» ҰҚП рейтингісіндегі



жетістігіміз құтты болсын!

АҚШ-ҚА АПАРАР ЖЕҢІЛ ЖОЛ - ЖАСЫЛ КАРТА

Жасыл карта немесе ағылшынша Permanent Resident Card - шетелдік азаматтарға АҚШ-та тұрақты негізде тұру және жұмыс істеу құқығын беретін құжат. Тарихқа көз жүгіртер болсақ жасыл карта тұжырымдамасы 1940 жылы, АҚШ конгресі отбасылық иммиграцияны қолдау заңнамасына бағыттала отырып қабылданған. Ал, жасыл түс картаға 1943 жылы қосылды. Содан бері жасыл карта Америка Құрама Штаттарында тұрақты резидент мәртебесінің символына айналды.

Гринн карта иегері атану аса оңай жұмыс емес. Ол үшін сіз белгілі бір талаптар мен міндеттемелерден өтуіңіз керек. Бұл картаны алудың бірнеше жолы бар. Ең көп таралған жолдардың бірі - отбасылық иммиграция. АҚШ азаматтары немесе тұрақты тұрғындары өз отбасы мүшелеріне жасыл картаны алу үшін өтініш бере алады. Бұл санатқа жұбайлары, ата-анасы және басқа да туыстары кіреді.

Тағы бір жолы – Америка Құрама Штаттарында жұмысқа орналасу арқылы жасыл карта алу. Яғни, жұмыс беруші сіздің АҚШ-та талап етілетін дағдылармен тәжірибесі бар екенін дәлелдейтін өтініш бере алады, сол арқылы сіз картаның иегері атанасыз.

Сондай-ақ, көп тараған жасыл картаның алу жолы - лотерея арқылы. Бұл ойынға кез келген адам қатыса алады. Ең бастысы сіз 11 жылдық оқуды аяқтаған болуыңыз керек немесе 2 жылдық жұмыс тәжірибеңіз болуы қажет. Лотереяның мақсаты – иммигранттарды ынталандыру. Себебі, Америка Құрама Штаттарына соңғы 5 жылда, 50 мыңнан аз иммигранттар келген. Жыл сайын бөлінетін 55 000 иммигрантқа арналған виза иегері атану үшін лотерея ойнатылып жатқан ресми сайтқа кіріп, кішігірім форманы толтырасыз. Айта кететін болсақ, ойын қазан айының алғашқы күндерінен бастап қараша айына дейін өткізіледі. Құжат тапсыру, сайттағы форманы толтыру, лотереяға қатысу - тегін. Жеңімпаздар кездейсоқ сандар арқылы таңдалады.

Жасыл картаны алу шетелдіктерге бірқатар артықшылықтар береді. Біріншіден, сіз АҚШ-та визасыз біраз уақыт жүре аласыз және еркін жұмыс жасай аласыз. Жасыл картаны АҚШ-та несие алу, банктік шоттарды ашу және медициналық қызметтерді қолдану үшін де пайдалануға болады.

Жасыл картаның қолдану мерзімі - 10 жыл. Сіз осы қолдану мерзімі өткеннен кейін уақытын ұзарта аласыз немесе АҚШ азаматы болуға өтініш беру мүмкіндігіңіз бар.

Дегенмен, жасыл картаға ие болу кейбір жауапкершіліктерді де талап етеді. Жасыл карта иесі АҚШ-та тұруға және өзінің резиденттік мәртебесін сақтауға міндетті. Сонымен қатар, жасыл карта иелері американдық заңға бағынуы тиіс.

Көптеген шетелдіктер үшін Грин карта жаңа өмірдің бастауы болып табылады. Ол сізге АҚШ-тағы керемет мүмкіндіктерге, білімге, бизнес бастауға және армандарыңыздың орындалуына жол ашады.

Шолпан СЕЙНАСИПОВА
ХҚТУ, 4-курс студенті

ӨНЕР

ДӘСТҮРЛІ ӘН ӨНЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

Бүгінгі таңда жан-жағымызға бақылай қарап, халқымыз есін жинап, жоғалтқанын түгелдей бастағанда өнер саласындағы бір асыл дүниемізге тоқтала кетейік. Отанды сүю, ұлттық құндылықтар дегеніміз тек отанды сүйемін деп қоя салу емес, оған үлесінді қосу. Ұлттық байлықтарымызды ұмытпай, оны кейінгі жас ұрпаққа жеткізе білу, дұрыс жақтарын дәріптеу және насихаттау біздің негізгі мақсатымыз.

«Егер сен жанбасаң жанартаудай атылып,

Егер де ол жанбаса, аруақты шақырып,

Егер де біз жанбасақ Нигарадай сапырып

Тұншықтырар бар әлемді түнек пенен қапырық»- деп Назым Хикмет айтқандай, әр адам өзінің айналасына абайлап қарап, білім мен өнер көкжиегінде нені толықтыру керек, нені жаңғырту керек, осы жайлы ізденісте жүрсе, үлесін қосса, жоғымызды түгелдеуіміз сөзсіз. Бүгінгі біздің іздеп жүрген жоғымыз Дәстүрлі өнердегі Термелер, жыраулық дәстүр және оның мақамдарын жаңғырту.

Уақыт талабы, рухани қажеттіліктен өмірге келіп, өзінің өнердегі жолын қалыптастырып келе жатқан «Орындаушылық өнер» мамандығының басты ерекшелігі – ұлттық мәдениетіміздің асыл арналарынан бастау алып, кеңестік дәуірдегі оқыту жүйесінен қалған европалық мәдениетке көзжұмбай еліктеушіліктен толық арылғандығында. Бүгінгі халқымыздың ежелгі

дүниелеріне қайта оралу кезеңінде бұндай бастаманы ұлттық рух, ұлттық сана, ұлттық болмысымызға қарай жасалған бетбұрыс ретінде қабылдағанымыз жөн болар еді. Бұл бастаманың қазақ зиялылары көбірек шоғырланған Астана, Алматы қалаларынан жырақтау, алыс аймақтарда, жергілікті университет көлемінде жүзеге іске асуы ғылыми-интеллектуалдық ойдың қанатын кең жая бастағанын көрсетеді. Халық арасындағы айтылып жүрген термелерді зерделеп, жазып

алып, нотаға түсіріп, оны күрделендіре түсіп, дауыс диапазондарын көтеріп және халық арасындағы батырлар жырларын, эпостық жырларын, махаббат жырларын жатқа айтатын жастарды дайындауымыз керек. Ол үшін оқу жоспарына арнаулы мамандандырылған пәндер бойынша:

- 1) Қазақ халқының музыкалық фольклоры;
- 2) Фольклорлық аспаптар (қобыз, сыбызғы, домбыра);
- 3) Эпикалық дәстүр және оны зерттеу әдістемесі;
- 4) Жыраулық дәстүр, орындаушылық шеберлік және жыраудың даусын қалыптастыру;
- 5) Жыраулық өнердің дәріс беру әдістемесі;
- 6) Сахна мәдениеті және көркем сөз шеберлігі - бұл пәндердің барлығы Орындаушылық өнер мамандығының оқу жоспарына енгізілмей, шет қақпай болып қалған пәндер. Енді осыған «Жыраулық өнерді жетілдіру жолдары», «Мақам саздарын нота жазуына түсірудің әдіс-тәсілдері», «Дәстүрлі орындаушының жыр қорын қалыптастыру» сияқты арнаулы курс, семинарлар, практикумдарды ұйыдастыратын болсақ, жаңа мамандықтың мақсаты мен мүмкіндіктері одан әрі айқындала түспек,-деп кезінде филология ғылымдарының докторы Тынысбек Қоңыратбай осы тақырыпты біршама көтерген екен. Өлі де болса осы Оңтүстік өңіріндегі өлеңі мен жырларына талайды бас идірген айтыскер ақын, жыршы жырауларымыздың, термешілеріміздің жауһар дүниелері жарыққа шықпай жатыр.

Кезінде өзінің көзінің тірісінде-ақ атағы алыс-алыс аймаққа таралып кеткен өнерпаз Құлыншақ Кемелұлы күнгеілік ақындық мектептің айтулы ақиықтарының бірі болды. Оның

айтқан әрбір өткір де ұшқыр, тапқыр сөздері халық аузында айтылып, бірден бірге жетіп тарай бастады. Ол ақындардың ақындық өнердегі, айтыс өнеріндегі сөздері қазіргі күнге дейін ел аузында.

«Мен үшін қазақ даласы ән салып тұрғандай» деп белгілі өнер зерттеушісі Потанин айтқандай, ұшы-қиырсыз кең даламызды жырға бөлеген, ән тұғырын әлемдік дәрежеге көтерген жырау, ақын, әнші, күйші сал-серілерімізден бізге жеткен мол мұрасы кейбір қилы заманда халықпен бірге ұмытылмай, ғасырлар өткен сайын құлашын кеңге жайып, биіктей беруі Алланың бізге берген үлкен сыйы деп есептейміз. Бүгінде Арқа, Батыс, Тарбағатай, Сыр, Жетісу ән мектептері қалыптасып, сол сал-серілеріміздің әндері мен жыр, терме, дастандарын құрметтеп, көздің қарашығындай сақтап келе жатқан өнерлі жастарымызға айтар алғысымыз мол. Алайда оңтүстік өңірінде «терме» деп аталып айтылатын жанрдың құлашын кеңге жаймай, аймақ көлемінде қалып қойғаны көңіл қынжылтады. Ә.Оспанұлының кітабында айтылғандай, атақты Бақтыбай ақынмен танысу барысында өзі өнеге алып, ұстаз тұтқан Майкөт, Құлмамбет ақындармен қатар күнгеілік екі ақынның - Майлықожа мен Құлыншақты ерекше ілтпатпен атап, жыр атасы Жамбылдың:

«Майлықожа, Құлыншақ, Пірім еді бас ұрған. Айтқандары

нұсқа еді, Сөзі жаралған асылдан», - деген сөздері бұл ақындарымыздың тегін еместігін білдіреді. Біз бұл мәселені көтергендегі ой - Шортанбай жырау, Мәделі қожа, Майлықожа, Құлыншақ, Молда Мұса, Ергөбек ақын, тағы басқа ақын-жырауларымыздың жыр термелерін сахналық дәрежеге көтеру мәселесі жайында болмақ. Біздің ойымызша, термені жай ғана термелетіп шертіп, оның жарты октава көлемінде орындалуы басқа өңір өнерпаздарының көңілінен шықпай,

тасты, шөлейт жерге отырғызылған жеміс ағашындай көрінді. Сондықтан Оңтүстік термелерінің жыраулық бағытқа бет бұрып, жылдам және орташа орындалып, дауыс диапазонын жоғары көтеріп, ел ішінде, ел есінде жүрген сөздерін жинақтап, терменің біразын жыраулық тұрғыда және қазіргі сазды да қосып жинақтауымыз керек сияқты. «Көп түкірсе, көл» дегендей, сонда ғана терме жанры кең құлаш жайып, бүкіл елімізге жайылары сөзсіз. Қазіргі оңтүстік термелерін жинақтап, нотаға түсіріп, кітап етіп шығарып, ел игілігіне жаратып жүрген азаматтарымыз баршылық. Бірақ үлкен нәтиже бермей жатқаны белгілі жайт. Біздегі өткен ақын-жырауларымыздың әрқайсысы бір төбе. Сондықтан тұлға іздеп әугеленбей-ақ, осы тұлғаларымызды ұлықтап алсақ, сол да бабалар салған үрдісті, болашақ ұрпақ алдындағы аманатымызды орындағандай болар едік. Қашанда ел ішінде жүрген соң жан-жағымызға бажайлап қарап, ел ішіндегі өлең-жырларды жинақтап, жастарға жол көрсетіп, дәстүрімізді көздің қарашығындай жанашырлықпен қарап, сақтай білсек, болашақ өнерпаздардың алдында жүзіміз жарқын болмақ.

Ү.МЕЛДЕБЕКОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.
Б.ЖҰМАДУЛЛА,
ҚР Мәдениет саласының үздігі.
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті



ЖАСТАРДЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ШЫРАҚ ЖАҚҚАН

Біз – ұлттық бірыңғай тестілеудің тезінен өткен алғашқы буынбыз. Аға-әпкелеріміз көбіне-көп аттестат алған соң ғана жоғары оқу орнын таңдайтын. Бізде жағдай басқаша өрбіді. Он бірінші сыныпқа қадам басқан алғашқы күндерде тың реформаның хабары жетті. Директор біздің сыныпқа жиі бас сұғатын болды. Кімнің қандай университетті таңдайтыны сол күндерде пысықтала бастады. Ауданға дүркін-дүркін мәлімет жөнелтіліп жататын. Бізден таңдауымыз сұралғанда тұрақты түрде бір ғана университетті атайтынбыз. Таңдауымыз – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болатын. Ішкі түйсігіміз болашағымыздың осы университетпен тығыз байланысты болатынын сездірген сияқты.

Күткен күн де келіп жетті. Тест нәтижесі көңілдегідей болды. Аттестат алып, қасиетті Түркістанға аттандық. Талапкерлік толқынысты күндер басталды. Үкілі үміт ақталып, студент атандық. Өміріміздің жаңа да жарқын белесіне қадам бастық.

Университет әлемі бізді бірден баурап, студенттік өмір үйіріп ала жөнелді. Ол кезең – пікірсайыс дәуірі еді. Мәдениет орталығының қос залында алуан іс-шараның көрігі қызып жататын. Ойталқы мәжілістер мен зияткерлік жиындар көптеп ұйымдастырылатын. Көңілді тапқырлар клубының сауық кештері көңіл демдейтін. Осындай ортадан шет қалу мүмкін емес еді. Ол да бір дәурен екен!

Бірінші курстың орта шенінде университет президентімен кездесу өтті. Бұл – тағдыршешті мәжіліс еді. Университет басшысының бірінші курс студенттерімен жүздесуі емен-жарқын сипатта жүзеге асты. Жастар өздерін еркін сезініп, пікірлерін ашық жеткізді. Жиналыста қордаланған көп мәселе айтылды. Басшымыз барлық сұраққа жауап берді. Қатарында отырған орынбасарларына кей мәселелерді жедел шешуді жүктеді. Ректордың студенттермен ашық диалогқа баруы бізді мейлінше сүйсінтті. Сол күні ректор шәкірттердің жүрегіне жол тапқан еді.

Осы мәжілісте басшымыз университетте студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі құрылатынын мәлімдеді. Талантты шәкірттерді топтастырған бірегей жүйе – студенттік ректорат осылайша дүниеге келген болатын.

Жадымызда жатталған сол күнгі жиналыс бас-аяғы үш сағатқа созылып еді. Жиын соңында университет президентінің маңдай терін сұрткеніне куә болдық. Сол бір көрініс бізге қатты әсер етті.

Бұл – ұлағатты ұстазымыз Серік Жайлауұлы Пірәлиевтің бекзат болмысына тәнті болудың бастауы болатын. Бүгінгі күні үлкен жүректі азамат, білікті басшы ретінде ерекше қадірлейтін ұстаз тұлғасы сол айтулы күннен бастап көңілімізде асқақтай берген еді. Университет президенті барлық курс студенттерімен кездесу өткізді. Сонда тың жаңалық хабарланып, қызу жұмыс басталып кетті. Наурыз айының соңында студенттік ректорат құрамы толық жасақталды. Біз бірінші курсқа жауапты студенттік проректор ретінде құрылымға мүше болдық.

Университетіміздің негізін қалаушылардың бірі – Құлбек Сәрсенұлы Ергөбектің: «Кенеуі кеткен ортадан кернеулі іс шықпайды», – дейтін салмақты сөзі бар. Бүгіннің биігінен бағамдар болсақ, Серік Жайлауұлы үлкен ұжымның кенеуін кетірмей, кернеулі іске бастады. Қолға алынған бірегей бастаманың бірі – студенттік ректорат болатын.

Студенттік ректорат аясына жалынды жастар жиналды. Жаңа жүйе жастардың тәжірибе толыстырып, шеберлік шыңдауына жол ашты. Жастардың арасында ынтымақ нығайып, достық күшейді. Өзін-өзі басқару жүйесінің жұмысы бір арнаға түсті де, Бекзат Саттарханов атындағы «НАМЫС» жастар қоғамдық бірлестігіне ұласты.

Бекзат Саттарханов тұлғасы туралы сөз

бөлек. Сейілхан Саттарханов ағамыздың сөзімен айтқанда: «Бекзат – қазақ жастарының патриоттық рухының эталоны!» Ендігі кезекте сол эталон жалынды жастардың темірқазығына айналды.

Осы кезеңде университетіміздің тәрбие және оқу-әдістеме ісі жөніндегі вице-президенті қызметін атқарған Талжан Пердешұлы Раимбердиев жарқын жобаға

жан бітіретін. Толымды еңбек нәтижесінің бір парасы сайлау күні анық көрінді.

Сайлау сағаты соққанда алғашқылардың қатарында дауыс бердік. Көптеген сайлау учаскелерінде бірлестіктің бақылаушылары жұмыс істеді. Біздер учаскелерді аралап, бақылаушыларымыздың жағдайын білдік. Бір орайда штабқа бас сұқтық. Серік аға жылы қарсы алды. Ол кісі: «Батырлар,



ерен еңбек сіңірді. Студенттік ректорат пен бірлестік жұмысының жандануы – Талжан Пердешұлымен тығыз байланысты.

Басшылық жастардың университет пен қаладан бастап, халықаралық деңгейдегі басқосуларға дейін белсенді қатысуына ерекше мән берді. Бұл бастама – өре өрістетуге айрықша әсер етті. Сондықтан да республикалық жиындарда Түркістан жастарының бәсі биік болатын. «Қазақстан жастар конгресі», «Қазақстан студенттерінің альянсы» сынды ұйымдардың құрылтайлары ол жылдары ресми тілде өтетін. Оңтүстік өңірінің жастары олқылықты орынды сынап, ана тіліміздің табалдырықтан төрге озуына өзіндік үлес қосты.

Байтақ еліміз 2005 жылы сындарлы кезеңді бастан кешті. Демократиялық даму жолымыздағы маңызды бекет – Президенттік сайлау өтті. Саяси науқанның бел ортасында жалынды жастар жүрді. Тіптен, саяси доданың Түркістанға тән тарихы бар.

Серік Жайлауұлының асқан мәмілегерлігі осы кезеңде айрықша көзге түсті. Ол кісі Түркістан қалалық штабты басқарып, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кандидатурасын қолдау ісін үйлестірді. Штабқа қай кезде барсаңыз да келелі кеңес құрып жататын. Серік аға зиялы қауымның ақылына жүгініп, ақсақалдар алқасына сүйенді. Жастарға сенім артып, ілкімді іске жұмылдырды.

Серік Жайлауұлы бастаған аға буын жастарға шын мағынасында жетекші бола білді. Жастық жалын, жайдары көңілді, алғаусыз бейілді елдік мәселеге бағыттады. Серік аға ұлттық тәлім-тәрбиенің құндылықтарын терең білетін. Ұлт ұстазының ұлағатына үңіліп, ұлтым дейтін ұланды тәрбиелеуге барын салды. Бұл жолда барынша қамқор болды. Кіріскен ісінің маңызына мән беретін. Сипай қамшылап өте шықпастан мазмұнына үңілетін. Жұмысына

қалайсыңдар?» – деп амандасар еді. Жайдары отырыстың бір сәтінде: «Жігіттер, университетке барыңдаршы. Мәдениет орталығында студенттер кезек күтіп тұр екен. Тоңып қалмасыншы», – деді. Соңғы сөзді басшылық қалыптан тыс, әкелік мейіріммен елжірей айтып еді.

Күн қабағы қатулы, желтоқсан желі суық болатын. Мәдениет орталығына келген кездегі көрініс күні бүгінге дейін жадымызда. Орталық алдындағы алаң жастарға лық толыпты. Дауыс беру үшін ұзын-сонар кезек қалыптасыпты. Соған қарамастан жастар көңілді еді. Жарқын күлкі, жарасымды қалжың естіліп жатты. Кейіннен қаншама сайлау науқанына қатыстық. Дегенмен, сол күнгідей жастар белсенділігін көре алмадық. Себебі, біздің ертеңгі күнге, ел болашағына деген сенімімізге селкеу түсірмеген жанашыр жетекшіміз бар еді. Серік ағаның жылы жымысы мен мейірбан үні, қамқор көңілі жолбасшымыз болатын.

Сол жолғы тәжірибеміз арқылы біз бейбітшіліктің бағасын білдік. Ұлт болып ұйысудың, ел болып бейбіт тірлік кешудің қадірін бағамдадық. Қасиетті қаңтар оқиғасында да бұл пікіріміз тереңдей түсті.

Бізден талапкер кезіміз қайта оралса таңдауымыз қандай болатыны бірнеше рет сұралды. Біз ойланбастан: «Түркістаным мен университетімді қайтадан таңдар едім», – деп жауап бердік. Жүрек сөзіміздің басты себебі – Серік Жайлауұлы басшы болған алтын дәуірде білім мен тәрбие алғанымыз еді. Бұл – біздің шәкірттік бақытымыз! Бұл – Серік Жайлауұлының ұстаздық бақыты!

Мырзахан БАЙБОЛОВ

ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ҚОҒАМДАҒЫ БАСТЫ БАЙЛЫҚ - АДАМ ӨМІРІ

Қоғам үшін ең бастысы маңызды болған нәрсе тәуелсіздік. Ал адам үшін бас бостандығы мен уайым қайғысыз өмір екені белгілі. Оның кепілі - заңдылық. Тәуелсіздік орнаған жылдардан бергі қоғамымыздағы ең басты құндылық адам бостандығы. Адам бостандығы тұлғаның өмір сүріп жатқан ортасынан моральдық немесе физикалық күштеулер мен қысымдардың құрбаны болмау. Еліміздегі адам бостандығы - Конституциялық заңның басты талабы. Алайда бұл мәселе заңмен қорғалғанымен, қоғамда заңға қайшы әрекет жасайтын адамдар да жетерлік. Олардың басым көпшілігі отбасындағы зорлық зомбылық. Иә, әрине! Отбасы болғасын ыдыс-аяқ сыңғырламай тұрмайды. Дегенмен бұл мәселе бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның проблемасына айналып отыр.

Барлығымыз "Отан отбасынан басталады" деген сөзді жиі айтамыз. Әр отбасы шағын мемлекет деп алар болсақ, сол мемлекеттің өзіне тән заңдары мен қағидалары болады. Соған қарамастан елімізде жыл сайынғы зорлық зомбылық құрбандарының саны күн санап артып келеді. Мәселен айтар болсақ 2021 жылы 61456 іс тіркелген болса, 2022 жылы тұрмыстық зорлық зомбылыққа байланысты 100 мыңнан аса іс қозғалған. Статистика бойынша басым көпшілігі әлеуметтік жағдайдың нашар болуы мен отбасы мүшелерінің жаппай алкогольдік заттар қолдануы. Ал бұл жағдайды Түркістан облысы 2023 жылдың бірінші жартысында балаларға жасалған қылмыстық іс бойынша 3,6% көрсетіп отыр. 2022 жылмен салыстырғанда биылғы қылмыс басымырақ. Өкінішке орай Түркістан облысы еліміздегі зорлық зомбылық пен суицид бойынша алғашқы үштікте тұр. Тағы бір үрей туғызып отырған жағдай, еліміз суицид статистикасы бойынша дүниежүзіндегі 178 елдің ішінен 19 орынға шықты. Осыған орай жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде, елімізде ересектерде дағдарыс секілді жайттарға жиі душар болып суицид рейтингінің жоғарылауына себепші болып отыр. Тұрмыстық зорлық зомбылық мәселесі де өзекті мәселе.

Отбасындағы зорлық зомбылық құрбандары әдетте әйелдер мен балалар. Осыған байланысты елімізде 2012 жылы отбасындағы зорлық зомбылық туралы заң енгізілді. Яғни 2012 жылға дейін отбасы мүшесіне (әйеліне) қол көтеру мәселесі заңмен жазаланатын. Алайда 2012 жылғы енгізілген заң аясында, отбасындағы ерлі зайыптылар арасындағы кикілжің заң тарапынан қылмыс ретінде қаралмайтын болды. Бұл мәселе, елімізде ер мен әйел құқығы тең деп айтылғанымен, қоғамымыздағы әйел құқығының тапталып жатқандығын айқындайды. Елімізде отбасындағы зорлық зомбылық мәселесін шешуге арналған 50 ге жуық мамандандырылған орталық бар. Солардың біріне тоқтала өтейік: еліміздегі заңдастырылған орталықтардың бірі "Жан-Сая" дағдарыс орталығы. "«Жан-Сая» дағдарыс орталығында белгілі бір мерзімде тұрақтайтын қыз-келіншектерге көмек беру қызметімен қатар, заңгер және психологтың кеңес беру қызметі де жұмыс жасайды. Орталық ашылғаннан бері жалпы 2967 әйел адам психологтың қызметіне, ал 867 адам заңгердің көмегіне жүгінген. Алғаш ашылған уақыты 2017 жылы қазан айынан 2018 жылдың қаңтар айына дейін 47 адам (18 әйел адамдар, 29 балалар) қабылданса, ал 2018-2019 жылы 267 адамды (90 әйел адам, 177 кәмелет жасқа толмаған балалар) қабылдаған. 2019-2020 жыл аралығында 285 адам (170 әйел адам, 115 бала), 2020-2021 жылы 334 адам (115 әйел адам, 219 бала), 2021-2022 жылы 385 адам (125 әйел адам, 257 адам), 2022 жылы 474 адам (135 әйел адам, 319 бала). Ал 2023 жылдың басынан бері дағдарыс орталығына 63 адам орналасқан. Оның 22-сі әйел адамдар болса, 41-і балалар. "Байқағанымыздай елімізде орын алатын зорлық зомбылықтың құрбандары балалар мен әйелдер. Бұл өте өкінішті құбылыс. Мәселенің басты себебі отбасындағы әйел құқығының төмен болуы мен кәмелетке толмаған баланың ата анасының назарынсыз қауқарсыз болуы. Яғни, есер етуші фактор негізден ер адамдар.



Жыл сайын елімізде зорлық зомбылыққа қатысты заңдастырылған орталықтар мен заңнамалар жүйесі енгізілсе де, зорлық құрбандарының саны азаю орнына еселеп артып жатыр. Заң аясынан өзгеріс енгізілме әлде халықтың тұрмыс жағдайын көтеру мәселесі қолға алынады ма, бізге белгісіз. Алайда бастысы алдағы уақытта жақсы нәтиже береді деп үміттенеміз!

Өмірбек Қасиет Нұржанұлы,
1-курс студенті

«КОРЕЯ МЕМЛЕКЕТІНДЕГІ АДАМДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ МҮЛДЕМ БӨЛЕК» дейді Асылхан Дархан

Бүгінде көптеген отандасымыз бала-шаға қамы үшін шетел асып жұмыс істеуде. Сонымен қатар елімізден гөрі, шетелдің жоғары оқу орындарында оқуды ұнататын жастар да аз емес. Осындай замандастарымыздың бірі – Сеул қаласындағы Хангук академиясының студенті Асылхан Дархан. Ол 2000 жылы Алматы қаласында дүниеге келіпті. Біз Асылханнан Оңтүстік Кореяға қашан келгенін сұрадық.

– Бұл елге келгендегі басты мақсатым – заман талабына сай білім алу. ҰБТ тапсырғаннан кейін, 2017 жылдың қазан айының 23-і күні Хангук академиясына құжаттарымды жібердім. Арада екі ай өткеннен кейін поштама хабарлама келді. Хабарламада «Сіз оқуға түстіңіз, шұғыл түрде келіңіз» делінген. Өзім мұның

сол, бастапқыда тағамдарына 2 жылдай үйрене алмай жүрдім. Ал, қызық жағдайға келер болсақ, бірде дүкеннен сұйық май аламын деп сірке суын алып қойыппын. Үйге келіп қазанға құйсам мұңкіп, жаман иіс шықты. Сыртын оқысам сірке су екен.

– Оңтүстік Кореяға жұмыс іздеп баратындар аз емес. Кейбірі заңсыз шекара асамын деп ұсталып қалып жатады...

– Әрине, жастар Қазақстанда жалақы төмен болған соң, көбірек пайда табу мақсатында шетел асып жатады. Бірақ әр елдің өз заңы бар, соны бұзбауға тырысу керек. Сондықтан Оңтүстік Кореяға жұмысқа келе жатқан отандастарыма айтарым, тәртіпке бағынып, жұмысыңды тыныш істеп, заңсыз

көлік айдамасаң, саған мұнда ешкім ешнәрсе демейді. Шекарадан заңсыз өтпек болған екі қазақ жігітінің кесірінен қазақстандықтарға бұл елге келу қиындап кетті деп естідім.

Жалпы, бұл мемлекеттің адамдары өз істеріне өте жауапты, тиянақты, не нәрсені де сапалы істейді. Мұнда 20-30 қабатты зәулім үйлер, саябақтар, түрлі зауыттар көп. Жыл сайын үйдің, жұмыстың және оқу орындарының жиһаздарын жаңасына ауыстырып отырады. Сонымен қатар, алты ай сайын көліктерін ауыстырады. Ұрлық, өтірік айту деген атымен жоқ. Затыңды, ақшаңды ұмытып кеттің бе, ешкім тиіспейді. Өзіңе өзің қызмет көрсететін дүкендер және кафелер бар. Яғни ішінде адам болмайды, ұнаған затыңды алып, ішіп-жеп отыра бересің. Аппаратпен, карточкамен төлем жасайды.

– Оқуды жұмыспен бірге алып жүру қиын болмады ма? Кореядағы білім сапасы қандай?

– Әрине, жұмыс пен сабақты бірге алып жүру қиын, оған шыдамдылық керек. Кореядағы білім сапасына өте жоғары баға беремін. Қазақстанда сабаққа келмей, ақшамен оқып жүргендердің де бар екенін жақсы білемін. Ал, мұнда сабаққа келмей қалсаң анықтама өткізесіз, өткізбесеңіз оқудан шығара салады. Бір күн себепсіз қалсаң,



алдында ҰБТ-дан 120 балл жинап, Алматыда кәріс тілін 4 ай оқып, біршама меңгергенмін. Қазіргі таңда қазақ, орыс, кәріс, португал – барлығы 4 тіл білемін. Оқуым 2018 жылы басталды. Мамандығым – эксперт-криминалист.

– Оңтүстік Корея мемлекетінде оқып қана қоймай, табыс табу жағын да қарастырған екенсіз. Біздің елмен салыстырғанда айырмашылық бар ма?

– Оқуға 8 ай бұрын келгендіктен, жұмыс істеуге рұқсат қағазын алып, жұмыс істеп жүрдім. Визам Д2, яғни оқу визасы. Күндіз білім алып, түнгі ауысымда жұмыс істеймін.

Екі елдегі жұмыстың айырмашылығына келер болсақ, жер мен көктей. Түнгі ауысымның жұмыс уақыты – 12 сағат. Жалақыға келсек, теңгемен есептегенде 1 миллион 200 мың теңге, ал, вонмен 3 миллион 600 мың аламын. Жұмыс, әрине, өте ауыр. Дегенмен, жағдайым жақсы, сабағым бірқалыпты. Жұмыспен қатар 2 миллион вон көлемінде шәкіртақы алып тұрамын. Қаржым жететіндіктен қалаған жеңіл көлікті жалға алып мінемін. Қазақстандағы әкеме жеңіл көлік сыйладым.

– Оңтүстік Кореяға алғаш келгенде қандай қиыншылықтарды немесе қызықтарды басыңыздан өткердіңіз?

– Негізінде оңтүстіккореялықтардың көзқарастары бізден мүлдем бөлек, десе де мейірімді келеді. Жөн сұрасаң, егжей-тегжейлі түсіндіріп, жол сілтеп жібереді. Ұрлық, зорлық-зомбылық деген атымен жоқ, заңдары қатал. Қиыншылығы

айыппұл төлетеді. Оған арнайы бланк береді, соны пошта арқылы төлейсің. Бәрі заң жүзінде. Үкіметі халыққа ұнамаса орнын босатады. Халық не айтады, президент соны істейді. Біздің елде арамсызға бір орыс тілді адам келсе, бәріміз жапатармағай орысша сөйлеп кетеміз ғой. Ал, мұнда кәрістер өзге тілді, мәселен, ағылшын тілін біліп тұрса да кәрісше сөйлейді және өзгелерден де кәрісше сөйлеуді талап етеді. Жалпы, Корея дамыған мемлекеттер санатында.

– Ашық әңгімеңіз үшін көп-көп рахмет!

Шолпан Сейнасіпова
4-курс студенті



ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



PROF. DR. MUHITTİN ŞİMŞEK, FARABI ÜNİVERSİTESİ REKTÖRÜ PROF. DR. CANSEYİT TÜYMEBAYEV İLE GÖRÜŞTÜ



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Farabi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Canseyit Tüymebayev ile görüştü. Görüşmede iki üniversite arasında öğrenci ve akademisyen değişim programları ele alındı. Tecrübe paylaşımı yapıldı.

REKTÖR VEKİLİMİZ PROF. DR. PEYAMI BATTAL PERSONELLE BİR ARAYA GELDI

Üniversitemiz Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami Battal, 2023-24 eğitim öğretim yılı bahar döneminin başlaması münasebetiyle düzenlenen programda öğretim elemanları ve idari personelle bir araya geldi. Programda yeni dönemde yapılması gerekenler ve planlamalarla ilgili fikir alışverişinde bulunuldu.



TÜRKİYE BELEDİYELER BİRLİĞİ GENEL SEKRETERİ HAYRI BARAÇLI, AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHITTİN ŞİMŞEK'İ ZİYARET ETTİ

Cumhurbaşkanlığı Yerel Yönetim Politikaları Kurulu Üyesi ve Türkiye Belediyeler Birliği Genel Sekreteri Hayri Baraçlı, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti. Ziyarete ikili iş birliği hususları değerlendirildi.

“ATAMEKEN” ULUSAL GİRİŞİMCİLER ODASI REYTINGİNDE ÜNİVERSİTEMİZİN 15 EĞİTİM PROGRAMI İLK SIRALARDA YER ALDI

Kazakistan Cumhuriyeti “Atameken” Ulusal Girişimciler Odası ile Bilim ve Yükseköğretim Bakanlığı birlikte ülkemizdeki yükseköğretim kurumlarının eğitim programları için bağımsız değerlendirme yaparak sonuçlarını yayınladı.

“Atameken” UGO 2023 reyting sonuçlarına göre üniversitemizin 15 eğitim programı ulusal çapta ilk 10'a girdi. Aşağıdaki 3 eğitim programı ise ilk 3'te yer almaktadır:

Temel Askeri EğitimPedagoji ve Psikolojillköğretimde Pedagoji ve Metodoloji

Ön sıralarda yer alan eğitim programlarımız da şunlardır:

“Okul Öncesi Eğitim ve Öğretim”, “Beden Eğitimi ve Spor”, “Müzik Eğitimi”, “Kimya”, “Kimya-Biyoloji”, “Tarih”, “Yabancı Dil Filolojisi (Türk Dili)”, “Gazetecilik”, “Kamu ve Yerel Yönetim”, “Hukuk”, “Matematik (fen bilimleri)”, “Bilgisayar ve Yazılım”.

Önceki seneye göre sıralamada gelişme olduğu görülmektedir. 2022 yılında ilk 10'da sadece 6 eğitim programı yer almış ve 2'si ilk üçe girmişti.

Eğitimi programı reytingleri hesaplanırken Mezunların kariyer perspektifi değerlendirmesi, Eğitim programının inceleme değerlendirme puanı, Öğrencilerin toplam istatistik ve başarı değerlendirmesi dikkate alınmaktadır.

“Atameken” UGO Reytingindeki başarımızda katkısı bulunan tüm öğrenci ve personellerimizi tebrik ediyoruz.

ÖZBEKISTAN ULUSLARARASI İSLAM AKADEMISI İLE AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ ARASINDA İKİLİ İŞ BİRLİĞİ ANLAŞMASI İMZALANDI



Ö z b e k i s t a n Uluslararası İslam Akademisi ile Ahmet Yesevi Üniversitesi Arasında İkili İş Birliği Anlaşması imzalandı

Ö z b e k i s t a n Uluslararası İslam Akademisi Rektörü Dr. Gafurov Uygun Tolkinovich ile Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami Battal tarafından imzalanan ikili iş birliği anlaşmasında iki kurum arasında akademik personel ve öğrenci değişim programları yer aldı.

AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ'NDE 20 OCAK AZERBAJCAN KARA YANVAR ŞEHİTLERİ ANILDI

Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami Battal'ın katılımıyla 20 Ocak 1990'da Azerbaycan meydana gelen olayda şehit olanlar anıldı. Sn. Battal konuşmasında 'Türk dünyasında ne zaman bir kan dökülse hepimizin içi ağlıyor. Program başında okuduğumuz milli marşlarımız çok değerli. Türkiye'de Çanakkale'ye gittiğiniz zaman orada bütün Türk dünyasından şehitler olduğunu göreceksiniz. Neden çünkü biz biriz hepimiz bir milletiz. Bu programı organize eden arkadaşlara da çok teşekkür ediyorum. Bu programlar bu özel günler bizleri bağımsızlığın önemini gösteriyor. Bütün Türk dünyasının bayraklarının ebediyen semalarda dalgalanmasını Allah'tan niyaz ediyorum. Biz bir oldukça hiçbir Türk dünyası bayrağı inmeyecek.' Dedi.



АСЫЛ СӨЗ

АБАЙ-ДАРА, АБАЙ-ДАНА ҚАЗАҚТА!

Шын хакім, сөзің асыл-баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес,
Қарадан хакім болған сендей жанды,
Дүние қолын жайып енді күтпес.

М.Жұмабаев

Ой дүниесінің алыбы, жазба әдебиетінің негізін салушы, ұлы ақын, жазушы, аудармашы, қоғам қайраткері Абай-өз заманының биік парасат иесі ғана емес, бүгінгі біздің заманымыздың да қайталанбас ұлы тұлғасы.

Менің ойымша, Абай атамның әрбір шығармасындағы сөздері, бүгінгі күннің бейнесі іспетті. Дәуір алмасқан сайын барша жұрт үшін Абай өнегесі артпаса, кемімесі анық. Оның қара өлеңі мен қара сөзі, оралымды ойлары әлі күнге дейін қазақ жұртына өмірлік бағдар болып келеді. Кемеңгер ақын қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін, білім алып, «көзі ашық, көкірегі ояу» болғанын бар жан тәнімен қалады. Ұлтының болашағы үшін қам жеген ұлы тұлға, елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне барын салды. Күллі жұртшылықты махаббатпен мейірімге үндей алды. Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ»-деді.



Иә, расында да күллі жұрт үшін Абай бір ғасырда, бір туылатын ұлы тұлға:

Абайдан оқығаның табылады,
Абайды оқымаған қағынады.
Абайды оқы, ерінбе, еркелеме,
Абайдан іздегенің табылады.

Кемеңгер ақынның өзінен кейін шығармашылығы бір бөлек әлем екені белгілі. Ұлы ақын бізге мазмұндық тұрғыдан өлшеусіз, халықтың бойтұмарына айналған мұра қалдырды. Абайдың шығармашылығын бейхабар қазақты, қазақ емес деуге болады. Ақын әлем және орыс әдебиетін тұңғыш рет ана тілімізге аударды. Қазіргі таңда, ақынның 170 өлеңі, 56 аудармасы, 45 қара сөзі бар. Оның әрбір шығармасы адам баласын, білім мен ғылымға, өнерге, адалдық пен мейірімділікке жетелері анық. Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы бәрі-бәрі – жарқын болашақтың негізі болмақ. Абайдың қуатты, қанатты сөзі мені білімге, адалдық пен имандылыққа және рухани толыса түсуіме зор үлес қосты. Біз, жастар Абай сөзін көкірек көзімізге берік бекітсек, кемел келешектің нұрлы шапағы біздің қолымызда болары анық!

Ақын Жұпар ДОСЫМҚЫЗЫ
1-курс студенті

2024 ЖЫЛЫ БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ?

ҰБТ: өзгерістер

2024 жылғы тестілеуде өзгерістер бар. Атап айтқанда, бейіндік пәндерге жаңа тапсырмалар қосылып, тест уақыты қысқарады. Бұрын 4 сағат берілген болса, енді талапкер 3 сағат 30 минутта жауап беріп үлгеруі керек. Дегенмен ерекше қажеті бар балаларға берілетін қосымша 40 минут сақталады. Жалпы алғанда пән санында өзгеріс жоқ. Бұрынғыдай үшеуі міндетті және екеуі — таңдауына қарай, дегенмен «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» деген міндетті пәндерден тапсырма саны 5 сұраққа азаяды. Ал бейіндік пәндер бойынша сұрақ саны артып, жалпы тест тапсырмасы 40 болады. Өзгерістер қатарында бейіндік пәндерде берілген тізім ішінен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылады. Тесттегі сұрақ саны — 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» — 20, «Оқу сауаттылығынан» — 10, «Математикалық сауаттылықтан» — 10 және екі бейіндік пән бойынша — 40 тапсырма. Жоғары балл — 140, ол да өзгеріссіз қалды.

Шығармашылық бағытты таңдаған талапкерлер «Қазақстан тарихы» мен «Оқу сауаттылығы» пәндерімен қатар, «Математикалық сауаттылықты» міндетті пән ретінде тапсырады. «Математикалық сауаттылықтан» тест тапсырмалары өмірде математикалық логика бойынша алған білімдерін, дағдыларын қолдана алуын тексеруге бағытталған, сондықтан бұл пән барлық тестке тапсырушыға міндетті. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, үздік нәтижемен грант тағайындау конкурсына қатысу мүмкіндігін ресми түрде бекіткен еді. Егер ақылы негізде оқысы келсе, онда 2024 жылғы талапкерлер тестілеуден бес рет өте алады.

Оқулықтар толықтай цифрландырылады

Оқу процесін басқаруды цифрландыру үшін республика бойынша 7 мың мектепте электрон журналдар мен күнделіктер жүргізу, бағалау, үй тапсырмасын беру, жоспар қалыптастыру және қашықтан оқыту сияқты негізгі қызметтерді қамтитын білім беру платформалары енгізілген. Министр Бейсембаев «Қазіргі таңда оқулықтардың 79%-ы цифрлық форматқа көшіріліп, мемлекеттік сараптамадан өтті және оқулықтар тізіміне кірді. Сонымен қатар виртуал зертханалар мен геймификация элементтері цифрлық контентке енгізіліп жатыр. Электрон оқулықтар әзірлеу жұмысына еліміздегі 11-ден аса отандық баспа ат салысты. Пәндерді электрон оқулықтармен 100% қамту 2024 жылға жоспарланған. Педагогтер үшін электрон оқулықтарды тиімді пайдалану әдістемелері әзірленіп,

оқыту жұмыстары басталды» деген еді.

Оқу гранттары жайлы

Биыл 93 мың білім гранты бөлінеді деп жоспарланып отыр. Бұл туралы сала министрі Саясат Нұрбек атап өткен еді. 2024 жылдан бастап «Келешек» деген ерікті мемлекеттік жүйе іске қосылады. Бұл жүйенің көмегімен университетте оқуға ақша жинауға болады. Ал бастапқы капиталды мемлекет салады. Ол үшін ата-аналардан баласына арнайы шот ашу сұралады. Баласының жоғары оқу орнына қамсыз түскенін қаласа, ата-ана баласы беске келген соң шот ашып, сол жерде жинай алады. Осылайша 18 жасқа келгенге дейін баланың арнайы шотында 12,5 миллион теңгедей жинау мүмкіндігі бар екен.

Оқушылардың қазақ тілін қаншалықты білетіні сыналады

Мемлекеттік тілден емтиханды 5-8, 10-сынып оқушылары тапсырады. Биылғы мамырдан бастап, оқушылардың қазақ тілін қаншалықты білетіні сынға салынады деген сөз. Бұрын мұндай емтиханды 9 және 11 оқитындар ғана тапсыратын. Сынақ қалай өтеді? Ауызша және жазбаша формада тапсырылады. Айтылым, сөйленім, оқылым және жазу дағдылары тексеріледі. Тапсырмаларды мұғалімдері өзі дайындайды. Емтихан нәтижесіне қарай жылдық баға қойылады.

Соңғы қоңырау 25 мамырда өтеді

2023-2024 оқу жылында сабақ 25 мамырда аяқталады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова осылай деді. Ол оқу жылының 36 аптаға созылуына қатысты былай деген еді: «Бұл мәселеге қатысты қоғамда сын көп болып, педагогтер қауымдастығы тарапынан ұсыныстар болды. Бұл әлемдік тәжірибе екенін мойындауымыз қажет. Дегенмен, мұндай жаңашылдықты енгізген кезде барынша тыңғылықты дайындық қажет. Министрліктің шешімі дұрыс болды деп санаймын. Бірақ, асығыстық болды. Осыған орай осы оқу жылында 34 апталық оқу ұзақтығына оралып, сабақты 25 мамырда аяқтау дұрыс деп есептеймін». Министрдің айтуынша, алдағы оқу жылы ішінде қажетті дайындық жұмыстарын жүргізіп, оқу бағдарламасын бейімдеу керек және 36 апталық оқу ұзақтығына оралу мәселесін 2025 жылдан бастап қайта пысықтаған дұрыс.

Жинақтаған: Өмірбек Қасиет

<p>Ясауи университеті УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ</p> <p>Газет 1995 жылдан шыға бастады</p> <p>Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</p> <p>Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА</p> <p>Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.</p>	<p>Медиа және PR орталығы:</p> <p>журналистер: «Журналистика» кафедрасының студенттері</p> <p>Фото маманы: Нахып ШЫНТЕМИРОВ</p>	<p>Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.</p> <p>Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.</p>	<p>Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды</p> <p>2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.</p>
--	---	---	--